«№ 69 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ- сі

Жалпы ата- аналар жиналысы

Хаттама №1

13 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар : 1-11 класс ата- аналары

**Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:**

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы

Мектеп директоры А. А. Абжалелова

2. «Әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына бөлінген қаражат туралы»

Әлеуметтік педагог А. Советова

3. «Мектептің ішкі тәртіп ережелері, оқушы тасымалы туралы»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Рахметова

4. Оқулықпен қамтылу мәселелері.

Кітапханашы Г. Сайменова

5. 1- сынып оқушыларының мектепке бейімделуі

Педагог – психолог А. Саин

6. Бастауыш сынып оқушыларында кездесетін тіл бұзылыстары

Педагог логопед А. Ерсайынова

5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды :

Жалпы ата- аналар жиналысын директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Рахметова ашып, күн тәртібіндегі мәселеа. лермен таныстырды.

Мектеп директоры А. Абжалелова 2023-2024 оқу жылынын басталуы туралы, жанашылдықтар мен өзгерістер туралы хабарлама жасады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

1-2-сыныптардаЕңбекке баулу» және «Бейнелеуөнері» пәндері,3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқытубасталады.

Жоғары сыныптарда ағылшын тілінен оқу жүктемесі 1 сағатқа артады.

Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.

Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.

Домбыра тарту бойынша факультативтік курстар өткізу, мектептердегішахмат секцияларының желісін кеңейту.

Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шаралардыұйымдастыру.

Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.

Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру.

«Үздіктен үйрен» жобасын іске асыру:«Үздікпедагог»байқауы жеңімпаздарының озық педагогикалық тәжірибесін дәріптеу

«Білім беруді өзгертудегі 1000 көшбасшы»республикалыққадрлық резервтің деректер қорын жасау.

Күн тәртібіндегі II мәселе бойынша мектеп әлеуметтік педагогы А. Советова жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Мектепке жол» акциясы аясындағы іс-шараларға тоқталды. Мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғалмаған отбасы балаларына бөлінген қаражат, ата-аналармен жұмыстар мен қаражаттың игерілуі туралы жұмыстарға түсінік жүргізді, таныстырды. Акцияның мақсаты аз қамтылған отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және Балалар жылын іске асыру шеңберінде әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу. ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін . Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 77 тармағына сәйкес ағымдағыжаңа оқу жылынан бастап 1-4 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру тапсырмасы берілді. Осы мақсатта мектебімізде бастауыш сынып оқушылары және аз қамтылған отбасы оқушыларынан 329 бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Рахметова мектептің ішкі тәртіп ережелері туралы сөз алып, мектеп формасына қатысты мәселеге тоқталды. Мектептің қамқоршылық кеңесімен бекітілген мектеп формасының үлгісіне қайта тоқталып, ішкі тәртіп ережелерін таныстырды. Ата- аналар сұрақтарына жауап берді.

**- Смартфон, планшеттерді сабаққа әкелуге тыйым салынады. Ұялы телефонды сабаққа әкеліп жоғалтып алған жағдайда мектеп әкімшілігі жауап бермейді.**

7.7. Мектеп оқушылары:

- **Дене бөлшектерін (іш, бел, кеудені) жалаңаштауға, бет бояйтын опа – далап қолдануға, ерсі әшекейлерді тағуға, назар аударатын пирсинг жасауға** болмайтындығын ескертті.

2023-2024 оқу жылында 76 оқушы тасымалмен қамтамасыз етіліп отырғандығын, тиісті құжаттар (өтініш, келісім- шарт), қауіпсіздік жұмыстары туралы ата- аналарға а

Мектеп кітапханашысы Г. Сайменова:

Кітап- алтын қазына.

Күш білімде,білім кітапта.

Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ.

Оқу- білім, бұлағы ,білім-өмір шырағы.

Жеке адамның рухын қалыптастыру үшін адамгершілік және ойлау қабілетін, эмоция,сөз, шығармашылық дамуының барысында әр адамның өмірінде әдебиеттің ерекше орын алары сөзсіз.

Қазіргі заманда баланы әдеби кітаптарды оқуға тарту білімнің қайнар көзі болып табылады. Ол оның рухын сақтайды, жүрегі мен миын азықтандырады, өзін-өзі тану сезімін оятады, өз ісінің дұрыстығын бекіту, өмірге бейімді болуына үйретеді. Кітаптың осыншалықты орасан зор қасиетін жас ұрпаққа ұғындыратын, оларды кітапты сүйе білуге оның құдіретті нәрін таратуға да дағдыландыратын орынның бірі мектеп кітапханасы.

1. **Жалпы ережелер**

1.1. Кітапхана оқытудың барлық түрлерінің білім алушыларына, оқытушылар мен қызметкерлерге қызмет көрсетеді. Кітапхананың оқу залдарын пайдаланушылардың барлық санаттары пайдалана алады.

1.2. Әдебиетті үйге беру абонементте жүргізіледі. Соңғы немесе жалғыз данасы үйге берілмейді. Оқу залдарында әдебиетті шығару құқығынсыз пайдалануға болады.

1.3. Оқырмандарды кітапханаға жазу оқырманның білім беру ұйымына тиесілігін куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүргізіледі: күндізгі бөлімде оқитын студенттер үшін оқырман билеті ашылады. Сырттай бөлімнің және КБТ оқытушыларына, қызметкерлеріне, білім алушыларына оқулықтар жеке куәлікке кепілге беріледі.

1.4. Оқырманға кітапхананы пайдалану құқығына бірыңғай оқырман билеті беріледі және оқырман формуляры толтырылады. Кітапханаға жазылу кезінде оқырмандар оның ережелерімен танысады және олардың орындалуы туралы міндеттемені оқырман билетінде өз қолымен растайды.

1.5. Оқырман билетінің қолданылу мерзімі – осы ЖОО-да оқу уақыты.

1.6. Оқу орнынан шыққан кезде оқырмандар кітапханаға олардың атындағы басылымдар мен оқырман билетін қайтарады.

1.7. Кітаптарды, басқа да баспа туындыларын және басқа да материалдарды алған кезде оқырмандар басылымдарды мұқият қарап шығады және қандай да бір ақаулар анықталған жағдайда бұл туралы кезекші кітапханашыға хабарлайды, олай болмаған жағдайда кітапты бүлдіргені үшін соңғы басылымды пайдаланған оқырман жауапты болады.

1.8. Пайдалану ережелерін бұзған немесе кітапханаға зиян келтірген оқырмандар қолданыстағы заңнамада, жарғыда және кітапхананы пайдалану ережелерінде қарастырылған нысандарда әкімшілік, материалдық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Кітапхана қорындағы кітаптардың, басқа да баспа шығармаларының және басқа да материалдардың жоғалғаны немесе орны толмас зиян келтіргені үшін кәмелетке толмаған оқырмандардың ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдар жауапты болады.

1.9. Басылымдардың жоғалуына немесе бүлінуіне жауапты оқырмандар оларды сол басылымдармен алмастырады, ал ауыстыру мүмкін болмаған кезде олардың нақты нарықтық құнын өтейді. Білім алушылардан жоғалған немесе бүлінген кітаптардың құнын өндіріп алу мерзімін кітапхана директоры белгілейді. Бір кітапты уақтылы тапсырмағаны үшін оқырманға айыппұл ретінде екі оқулық қалпына келтіруге беріледі.

1.10. Кітапхананың жұмыс режимі пайдаланушылардың қажеттіліктеріне және университеттің жұмысына сәйкес өзгеруі мүмкін, бұл туралы кітапхана пайдаланушылары алдын-ала ескертіледі. Әр айдың соңғы сәрсенбісі – санитарлық күн. Ақпараттық порталда, сайтта еркін қол жетімді электрондық ақпараттық-кітапхана ресурстарына қашықтықтан қол жеткізу тіркелген пайдаланушыларға тәулік бойы ұсынылады.

Кітапхана- оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір.Осы заманғы ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде де кітапхана маңызды буын болып саналады

Күн тәртібіндегі 5- ші мәселе бойынша мектеп психологы А. Саин сөз алды.Мектепке бейімделу деген не, Психологияда баланың ойлауы мен іс - әрекеті оның мектеп ортасына үйлесімді «сәйкестенуіне» мүмкіндік беретіндей өзгеруі деп түсіндіріледі, яғни:

1. бала өзінің «істегім келедісін» мектептің «істеу керегіне» сәйкес келтіруі керек;
2. тапсырмаларды (кейде балаға онша қызықты емес) өз бетімен орындауға үйренуі керек;
3. мектеп тәртібін сақтауға, онымен есептесуге, өзінің тәртібімен басқа балаларға кедергі келтірмеуге үйренуі керек;
4. достық қарым - қатынас орнатып, оны ұстануға, басқа баланың ұнауына не ұнамауына қарамастан онымен тіл табысуға, тым болмаса қарым - қатынас жасауға үйренуі керек;
5. мектептегі оқуы – оның «жұмысы» екенін, оқушы болу - өте маңызды екенін түсінуі керек!

Балалардың бейімделуі қалай өтеді? Ата - аналардың бірі балаларға оқу «онша қиын емес» деп, ал енді бірі «оқу қиын, бірақ күшіміз жетеді» деп есептейді. Ата - аналар үй жұмысын дайындау кезінде балалардың теріс эмоцияға беріледі деп есептейді. Олардың себептері ретінде еңбектен шаршау, рухани шаршау, материалдарды онша

ұқпау, тапсырманы ұмытып қалу, көшіру кезінде қате жіберу, тапсырманы орындағысы келмеуі аталады. Ұйықтарда балалардың бірі тың, бірі шамалы шаршаңқы көңіл - күйде болу себебі не? Қиындыққа қарамастан, балалардың көбі оқуға ойдағыдай бейімделеді. Бірақ көмек керек ететін балалар да болады. Әдетте мектепке бейімделудің 3 деңгейі болады: жоғары, орта, төмен.

Бейімделуі **жоғары деңгейдегі** бала мектепті жақсы қпарат берді.

6- шы мәселе бойынша:

Біздің білім ордасында логопедия ғылымын дамыту қолға алынып, жас бүлдіршіндердің болашағына сай ақпаратты коммуникативті технологияның қызметі ұтымды үйлестірілуде. Заманауи өзгерістердің толқынында сөйлеу тілінің кемшіліктерін жою жолындағы жаңа ақпараттық технологияларға үлкен мән беріліп отырып. Осы тұрғыда логопедия ғылымы шет қалып отырған жоқ. Логопедтің ақпараттық технологияларды пайдалану барысындағы оқушы мен технология жұмысының нәтижесін былай көруге болады. Біріншіден уақытты үнемдейді, екіншіден көрнекіліктерді тиімді жүзеге асырады, үшіншіден оқыту үрдісін қызығырақ өткізеді, төртіншіден ізденушілік қасиеті мен педагогикалық шеберлігін жетілдіреді. Осыдан кейін оқушының ақыл-ой мен сенсорлық қабылдауы, сөз байлығы, сөздік қоры, ұйымшылдығы, достық қатынасы және мәдениетілігі дамиды. Ақпараттық – коммуникациялық технологияның арқасында балалардың сөйлеу тілі дамып қана қоймай, іскер әрі талантты, сөзшең болып өседі. Десек те, өз сабағында компьютерді қолдана отырып, мұғалім – логопед өз жұмысының негізгі мақсаты – баланың басқа адамдармен толық қатынас жасауын, сөйлеу тілін түзету үшін естен шығармауы тиіс. Сабақтың негізгі бөлімі логопед пен оқушы арасындағы тікелей қатынасқа арналуы тиіс. Осыған орай, компьютерді қосымша құрал ретінде қысқа уақыт ішінде жұмыс жасау үшін пайдалануға кеңес беріледі.

Қаулы :

1. 2023-2024 оқу жылының өзгерістері ата- аналар назарына алынсын.
2.Әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына мемлекет тарапынан бөлінген қаражаттың игерілуі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелерімен 1-11 класс ата- аналары толық таныстырылып, орындалуы бақылансын.
4. Оқулықпен қамтылу жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
5. Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуі, тіл бұзылыстары туралы жұмыстар тиісті деңгейде ұйымдастырылсын.
6. Осы қаулының орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Рахметоваға жүктелсін.

Ата- аналар комитет төрағасы Ерубаева Т. Д

Хатшысы А. Сауғабаева

**69_mektep**
69_mektep · Оригинальное аудио



**Нравится: 9**

**69_mektep** 14қыркүйек күні мектепішілік типтік ережелермен таныстыру, 2023- 2024 оқу жылының өзгерістері мен 5... ещё

15 сентября · **Показать перевод**

№69 жалпы білім беретін орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының 13-15 қыркүйек күндері аралығында мектепішілік ата- аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде қауіпсіз маршрут, буллингтің алдын алу, мектепішілік тәртіптің типтік ережелері, оқушы тасымалы мен оқулықпен қамтылу, тіл бұзылыстары бар балаларға көмек т.б мәселелер қаралды. 1-11 кластар аралығында 150 ата- ана жалпы ата- аналар жиналысына қатысып, жеке класс жетекшілер ата- аналар жиналысын осы күндер аралығында өткізіп, күн тәртібінде мектептің ішкі тәртіп ережелері, біртұтас тәрбие бағдарламасы, жаңа оқу жылының басталуы туралы мәселелерді қамтыды.


АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ
15
69_mektep
15 қыркүйек күні 9,10,11класс ...


12:09
69_MEKTEP
Публикации
69_mektep
69_mektep · Оригинальное аудио
0:21
4 «Б» класының ата-аналар жиналысы
Нравится: 13
69_mektep 2023 жылдың 15 қыркүйегінде 4 «Б» класс жетекшісі Аршат Арзамасқызы ата-аналар жиналысын өткізді. Күн... ещё
bagdagul928 4"б" класс жетекшиси Аршат Арзамаскызы оте жаксы карапайым Мугалим Рахмет Сизге Окушыларына жаны ашып тур,сабак берип журген Мугалим Апайларына Рахмет Сиздерге [...]
16 сентября · Показать перевод
69_mektep
YVDB 89 · lazy sunday (so fancy)
0:12